

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

1 (395)

JANUARY-FEBRUARY 2022

ALMATY, NAS RK

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Бас редактор:

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы (бас редактор), тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 3

Редакция алқасы:

ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радуга Патетре, Ph.D (археология), Нью-Йорк университетінің профессоры (Нью-Йорк, АҚШ) Н = 19

БАНАС Йозеф, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Жешув технологиялық университетінің профессоры (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның еңбек сiңiрген ғылым және техника қайраткері, «Киев-Могила академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Төлегенқызы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті (Алматы, Қазақстан) Н = 3

ИСМАҒҰЛОВ Оразақ Исмағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 6

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хұсайынұлы, саясаттану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жакен Қожахметұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

СҮЛЕЙМЕНОВ Майдан Күнтуарұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нұрсарыұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

ҚОЖАМЖАРОВА Дариякул Пернешқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауыржан Әбішұлы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Мүслімқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Өмірбекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

НУРҚАТОВА Ляззат Төлегенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ресей білім академиясының академигі (Мәскеу қ.), Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, педагогика кафедрасының меңгерушісі, К.Г. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және технологиялар факультетінің деканы (Мәскеу, Ресей) Н = 34

ДЫБО Анна Владимировна, филология ғылымдарының докторы, РҒА корреспондент-мүшесі, РҒА Тіл білімі институтының Орал-алтай тілдері бөлімінің меңгерушісі (Мәскеу, Ресей) Н = 3

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылманың тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

Главный редактор:

КОЙГЕЛЬДИЕВ Мамбет Кулжабаевич (главный редактор), доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 3

Редакционная коллегия:

ОМАРОВ Бауыржан Жумаханулы (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанович, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радуга Пэтрэ, доктор философии (Ph.D, археология), профессор Нью-Йоркского университета (Нью-Йорк, США) Н = 19

БАНАС Йозеф, доктор социологических наук, профессор Жешувского технологического университета (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Украины, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Тулегеновна, доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан) Н = 3

ИСМАГУЛОВ Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 6

АБЖАНОВ Ханкелди Махматович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хусаинович, доктор политических наук, член-корреспондент НАН РК, директор Института философии, политологии и религии (Алматы, Казахстан) Н = 1

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

СУЛЕЙМЕНОВ Майдан Кунтуарович, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

КОЖАМЖАРОВА Дариякуль Пернешевна, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауржан Абишевич, доктор исторических наук, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Муслимовна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукеновна, доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Омирбековна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

НУРКАТОВА Ляззат Толегеновна, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, академик Российской академии образования (г. Москва), директор Центра развития педагогического образования (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики, декан факультета Социально-гуманитарных наук и технологий Московского государственного университета технологий и управления имени К.Г. Разумовского (Москва, Россия) Н = 34

ДЫБО Анна Владимировна, доктор филологических наук, член-корреспондент РАН, заведующий отделом урало-алтайских языков Института языкознания РАН (Москва, Россия) Н = 3

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

Editor in chief

KOIGELDIEV Mambet Kulzhabaevich (Editor-in-Chief), Doctor of History, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 3

Editorial board:

OMAROV Bauyrzhan Zhumakhanuly (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 4

MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SAPARBAYEV Abdizhappar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

JOVICA Radu Petre, Ph.D, History, Archeology, Professor, New York University (New York, USA) H = 19

BANAS Joseph, Doctor of Social science, Professor, Rzeszow University of Technology (Rzeszow, Poland) H = 26

LUKYANENKO Irina, doctor of economics, professor, honored worker of Science and Technology of Ukraine, head of the department of the National University «Kyiv-Mohyla Academy» (Kiev, Ukraine) H = 2

MAKULOVA Aymzhan Tulegenovna, doctor of economics, professor, Narkhoz University (Almaty, Kazakhstan) H = 3

ISSMAGULOV Orazak Issmagulovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 6

ABZHANOV Khankeldi Makhmutovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 4

BIZHANOV Akhan Khusainovich, Doctor of Political Sciences, Corresponding Member of NAS RK, Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religion (Almaty, Kazakhstan) H = 1

TAIMAGAMBETOV Zhaken Kozhakhmetovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

SULEYMENOV Maidan Kuntuarovich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SABIKENOV Salakhiden Nursarievich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

KOZHAMZHAROVA Dariyakul Perneshevna, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

BAITANAEV Baurzhan Abishevich, Doctor of Historical Sciences, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

BAZARBAYEVA Zeinep Muslimovna, Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHAUKENOVA Zarema, Doctor of Sociology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

DZHOLDASBEKOVA Bayan Umirbekovna, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK H = 2

NURKATOVA Lyazzat Tolegenovna, Doctor of Social Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 1

ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, academician of the Russian Academy of Education (Moscow), Director of the Center for the Development of Pedagogical Education (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHISHOV Sergey, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Dean of the Faculty of Social Sciences and Humanities and Technologies of the Razumovsky Moscow State University of Technologies and Management (Moscow, Russia) H = 34

DYBO Anna Vladimirovna, Doctor of Philology, Corresponding Member of the Russian Academy of Sciences, Head of the Department of Ural-Altai Languages of the Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences (Moscow, Russia) H = 3

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. 16895-Ж, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

А. Аманбаева*, А. Фазылжанова

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.

E-mail: AAisaule@mail.ru

ҚАЗАҚ ЭТИКЕТІ ТЕРМИНДЕРІ: ҚАЗАҚ ЭТИКЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ТІРКЕСТЕРДІҢ ФОРМУЛЬДЫЛЫҒЫ (ЖЫРАУЛАР ПОЭТИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аннотация. Қазақтың дәстүрінде жараулар поэзиясының орны ерекше. XV – XVIII ғасыр жырауларына Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жатады. Жырауларды халық құрметтеген. Жыраулар поэзиясында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, қайырымдылық жасау, әдептілік таныту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өсиет пен нақыл сияқты этикеттік ұғымдағы жыр жолдары көрініс табады.

Мақалада XV – XVIII ғасырда өмір сүріп, ауыз әдебиетінің үлгісін, жыраулық дәстүрді қалыптастырған, сол кездегі елдің өмірін, мұң - мұқтажын жырға қосып елдің әлеуметтік тұрмысын кейінгі ұрпаққа танытқан Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар сынды жыраулардың поэтикалық мәтіндеріндегі этикеттік терминдер мен ондағы дәстүрлі тіркестердің формульдылығын анықтау зерттеу жұмысының өзектілігі болып отыр. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында жыраулар дәстүрінде, яғни жыраулардың поэзиясында этикеттің өзіндік ерекшелігін таныту негізге алынады. Сондай-ақ, қазақ халқына тән өзіндік этикеттің жыраулар поэтикасындағы рөлі және қазақ этикетіндегі дәстүрлі тіркестің мәні ашылып беріледі. Жүргізілген зерттеудің негізінде жыраулар поэтикасының жанрлық ерекшеліктері, мәселен өсиет, бата, арнау, үндеу, мадақ, қоштасу, жоқтау, қарғыс, өкпе мен наз секілді түрлері ажыратылып беріледі. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақтың танымын кеңейтудегі этикеттің рөлін жыр арқылы анықтау. Сондай - ақ, жыраулардың өлеңдерін «формульдылық» ұғымымен байланыстыра отырып қазақ этикетіндегі дәстүрлі ұғымды көпшілікке таныту. Зерттеуде жыраулар поэзиясының этикетін ашып көрсету арқылы жалпы жыраулар дәстүрін келешек ұрпаққа үлгі ретінде ұсынып, жастарға нсихаттау көзделіп отыр.

Түйінді сөздер: поэзия, жыраулық дәстүр, синтаксис, жанр, жыр, дала ілімі.

А. Аманбаева*, А. Фазылжанова

Институт языкознания им. А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан.

E-mail: AAisaule@mail.ru

ТЕРМИНЫ КАЗАХСКОГО ЭТИКЕТА: ФОРМУЛЬНОСТЬ ТРАДИЦИОННЫХ ВЫРАЖЕНИЙ В КАЗАХСКОМ ЭТИКЕТЕ (НА ОСНОВЕ ПОЭТИКИ ЖЫРАУ)

Аннотация. В казахской традиции особое место занимает поэзия жырау. К жырау XV-XVIII веков относятся Асан Кайги, Казтуган, Доспамбет, Шалкииз, Джиёмбет, Маргаска, Ақтамберди, Умбетей, Бухар. Жырау уважали народ. В поэзии жырау нашли отражение такие этикетные стихи, как уважение к старшим, уважение к младшим, благотворительность, заповеди и пословицы. В поэзии жырау находят отражение такие строки в этикетном понятии, как уважение к старшему, уважение к младшему, милосердие, вежливость, патриотическое воспитание, заповеди и притчи.

В статье актуальность исследовательской работы заключается в определении формульности этикетных терминов и традиционных выражений в поэтических текстах жырау, таких как Асан Кайгы, Казтуган, Доспамбет, Шалкииз, Жиёмбет, Маргаска, Ақтамберды, Умбетей, Бухар, живших в XV-XVIII веках, которые сформировали устную литературу, традицию жырау, приобщили к поэзии и социальной жизни страны того времени. Также в исследовательской работе за основу берется проявление своеобразия этикета в традиции жырау, т.е. в поэзии жырау. Раскрывается также роль своеобразного этикета, присущего казахскому народу, в поэтике жырау и значение традиционной фразы в казахском этикете. На основе проведенного исследования выделены жанровые особенности поэтики жырау, такие как завет, благословение, посвящение, обращение, похвала, прощание, причитание, проклятие. Основная цель исследовательской работы-определить роль этикета в расширении познания казахов. А также популяризировать традиционное понятие казахского этикета, связывая стихи жырау с понятием «формульность». В исследовании предполагается раскрыть этикет поэзии жырау и представить традиции жырау как образец для будущих поколений.

Ключевые слова: этикет, поэтическая традиция, формульность, синтаксис, жанр, поэма.

Amanbaeva*, A. Fazylzhanova

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: AAisaule@mail.ru

TERMS OF KAZAKH ETIQUETTE: THE FORMALITY OF TRADITIONAL PHRASES IN KAZAKH ETIQUETTE (BASED ON THE POETICS OF ZHYRAU)

Annotation. In the article, the relevance of the research work is to determine the formularity of etiquette terms and traditional expressions in the poetic texts of Zhyrau, such as Asan Kaigy, Kaztugan, Dospambet, Shalkiiz, Zhyembet, Margaska, Aktamberdy, Umbetey, Bukhar, who lived in the XV-XVIII centuries, who formed the oral literature, the tradition of Zhyrau, introduced to the poetry and social life of the country at that time. Also, the research work is based on the manifestation of the originality of etiquette in the tradition of Zhyrau, i.e. in the poetry of Zhyrau. The role of the peculiar etiquette inherent in the Kazakh people in the poetics of Zhyrau and the meaning of the traditional phrase in the Kazakh etiquette are also revealed. On the basis of the conducted research, the genre features of Zhyrau's poetics are identified, such as the covenant, blessing, dedication, conversion, praise, farewell, lamentation, curse. The main purpose of the research work is to determine the role of etiquette in expanding the knowledge of Kazakhs. And also to popularize the traditional concept.

Key words: etiquette, poetic tradition, formality, syntax, genre, poem.

Кіріспе. Ежелден қазақ халқының дәстүрінде поэзия жанрының орны ерекше болған. Өйткені халық ауыз әдебиетінен «Қыз Жібек», «Ер Тарған» т.б. жырларды жаттап алып, ауыздан ауызға таратып, кейінгі ұрпаққа жеткен. Қазақ тіл білімінде поэзия жанрын зерттеген ғалым З. Ахметов «Өлең сөздің теориясы» атты зерттеуінде ақын өнердегі суырып салмалықтың ерекшелігін жан-жақты ашып береді. Ғалым эпостық жыр, толғау, терменің жаттауға жеңіл, ықшам, тармақтары жеті-сегіз буыннан тұратынын айта келіп, жыраулар дәстүрінен бізге жеткен жырдың ерекшелігін ашып береді [1]. Сондай-ақ жыраулар поэзиясы көбіне шумақ емес, түйдек түрінде келетінін айтады. Түйдек өлең жолдарын топтайтын, шумақтан бұрын пайда көне түрі. Шумақ төрт тармақтан тұратын болса, ал түйдек негізінде 8 немесе 14, тіпті одан да көп тармақтан тұрады. Түйдек көбінесе суырып салмалықтың бір көрінісі ретінде шешендіктен, төгілтіп айтудан туындаған көрініс десек те болады. Ғалым З. Ахметов көнеден келе жатқан түйдек түріндегі жырды жыраулық дәстүрдің ерекше көрінісі дейді. Оған мысал ретінде Бұқар жыраудың «Айналасын жер тұтқан Айды батпас деменіз, Айнала ішсе таусылмас Көл суалмас деменіз...» деп басталатын жыр жолдарын түйдекпен айтылған деген тоқтамға келеді. Яғни жыр жолдарының түйдекпен айтылуы жыраулар дәстүріне тән. Сондай-ақ ғалым ұйқас құру үшін өлең құрылысының біркелкілігі мен ұқсастығы және кейбір сөздердің қайталанып келіп отыруы көнеден келе жатқан ерекше көрініс екенін де айтып өтеді.

Жыраулар поэзиясы XV – XVIII ғасырды қамтиды. Халықтың мұң-мұқтажын, мемлекетті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайтын жырларды Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз (1460 – 1565), Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді (1675 – 1768), Умбетей (1709 – 1778), Бұқар

(1668 – 1781) сынды жыраулардың жырларынан байқаймыз. Өйткені сол кезеңдері жыраулардың төкпе жырлары ауыздан-ауызға тарап, елдің өміріне, дәстүріне тікелей әсер етіп, халықтың тұрмысын жақсартуға негізделген болатын.

XV-XVIII ғасырды жыраулық дәстүрдің қалыптасқан кезеңі деп айта аламыз. Өйткені біз жыраулар поэзиясынан суырып салмалылықтың, шешендіктің ерекше үлгісінің қалыптасқанын байқаймыз. Жалпы әрбір жырда терең философия жатыр. Жыраулық дәстүрдің сонау ата-бабамыздан келе жатқандығын ескерер болсақ, оны кейінгі ұрпаққа дәріпеу, тіпті дәріптеп қана қоймай санасына сіндіру арқылы жалпы рухани патриотизмге баулу, рухын күшейту біздің зерттеуіміздің бастамасы болып отыр. Осы орайда жыраулар дәстүрінің астарында «Дала Ілімі» (А.Қодар) теориясының қалыптасатынын да айтып өтуге болады.

Қазақ тіл білімінде жыраулар поэтикасының этикеті жайындағы зерттеулер бұрын болмағандықтан, зерттеу жобасы аясында «Жыраулар поэзиясындағы этикеттің өзіндік ерекшелігі мен жыраулық дәстүрдегі этикет мәселесін» зерттеу қолға алынып отыр. Зерттеуге академик З. Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» [1], Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» [2], Қ. Сыдықовтың «Ақын-жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері» [3], Б. Кенжебаевтың «Қазақ өлеңінің құрылысы туралы» [4], А. Қобыланованың «Қазақ сөз этикеті» [5], Қ. Жаңабаев пен Н. Сағындықтың авторлығымен жазылған «О законе «формульной грамматики» в тексте жырау XV – XVIII веков» атты мақаласы негізге алынды [6]. Осы орайда XV – XVIII ғасыр жырауларының тілін зерттеген ғалым академик Р. Сыздықтың еңбектерінің ішінен «Сөздер сөйлейді» еңбегіне тоқталар болсақ, ғалымның Бұқар, Шалкиіз, Ақтамберді, Доспамбет жыраулардың поэзиясындағы терминдердің сол кездегі мағынасы мен оның қазіргі мағынасын ашып береді. Мысалы, ғалым аға сөзі қазіргідей «жасы үлкен ер адам» мағынасында емес, XV – XVIII ғасырдағы мағынасы «басшы, қолбасы» болғанын айтады. Сондай-ақ ғалым «адырна» сөзінің екі түрлі мағанада қолданғандығын, яғни бірі «садақтың оқ тіреп ататын тарамысы» болса, ал екінші мағынасы «жауынгершілікте, аңшылықта қолданылған сыбызғы сияқты көне үрмелі музыкалық аспап» деген мағананы білдіргенін дәлелдеп береді. Ал Адырна сөзінің шығу тегіне зер салатын болсақ, зерттеушілер оны «бөлу, ажырату» деген мағынадағы айыр-/адыр - деген етістіктен шыққан деп, түркі тілдерінде й ~ д (айақ ~ адақ) дыбыстарының алмасуы дәлел (қазақша айыру сөзі көне түркі тілдері мен қазіргі бірқатар түркі тілдерінде адыр- түлғасында келеді) деп ой қорытады. Адыр – етістігіне қосылған -на есім тудыратын жұрнақ болу керек дейді. Сондай-ақ ғалым жыраулардың шығармаларын зерттей келе «Азамат сөзінің де негізгі мағынасын ашып береді. Ғалым зерттеуінде XVI ғасырда өмір сүрген Ақтамберді жыраудың жырларында азамат сөзінің кездесетіндігін айтып, «Мұндағы азамат сөзі дәл қазіргі мағынасында емес. Бұл сөздің бұрын терминдік сипаты болған. Ш. Уәлиханов былай деп көрсетеді: «Азамат – кәмелетке келіп, еншісін алған, туыстарына тәуелсіз, үйлі-баранды адам» дегенді білдіреді. Сонымен қатар бұл сөз бір кезеңдерде «жасақшы» («дружинник») ұғымын да бергенге ұқсайды» – деп түпкі мағанасын ашып береді [2].

Материалдар мен әдістер. XV – XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясы негізінде 7-8 буыннан тұрып, әрбір жырда өзіндік стиль қалыптасқан. Сондай-ақ, жыр өсиет, бата, арнау, үндеу, мадақ, қоштасу, жоқтау, қарғыс сияқты жанрлардан тұрады да жыраулар поэзиясына тән өзіндік этикет қалыптасқандығы байқалады.

Жалпы этикет жайында айтар болсақ, этикет ұғымы ерте замандарда хан сарайындағы «рәсімді реттеуші нұсқау қағаз, этикетке, рәсім өткізу тәртібі» деген мағынада қолданылған болса, XVIII ғасырда этикет ұғымы «монархтар сарайларында өзін-өзі ұстау ережелерінің» жиынтығын білдіретін болған. Сол кезеңдерде этикетке жеңіл-желпі қарамай керек екенін ұғынған, яғни этикетті ұстанбағанның салдарынан қақтығыстар мен жанжалдар туындап, тіпті мемлекеттер арасында шиеленістер пайда болған. Ғалым жыраулар дәстүрінде

Этикет жалпы халықтың байырғы замандардан қалыптасқан ұғымы мен таным-түсінігінен бастау алады. Жыраулар поэзиясында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, қайырымдылық жасау, әдептілік таныту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өсиет пен нақыл сияқты этикеттік ұғымдағы жыр жолдары көрініс табады. Зерттеуде сипаттау, салыстыру, жүйелеу, талдау әдістері қолданылады. Сондай-ақ эпикалық жанрға тән 7-8 буыннан тұратын ақындыққа, жауынгерлікке негізделген жырдың формульді-стильдік компоненттері Пэрри-Лордтың идеясына сәйкес қарастырылып, жырға тән эпикалық қайталаулар, этикеттік ұғымдағы тіркес ретінде берілетін терминдер жыраулар поэзиясы негізінде қарастырылады [7].

Талқылау. Жыраулар поэзиясының қайсібірін алсаңыз да тәлім мен тәрбие, отансүйгіштікке тәрбиелеу, сол кездегі өмірдің қажетілігіне орай туындаған сыртқы жаудан қорғану мақсатындағы

рухтандыру өлеңдері әрбір жырда орын алады. Мысалы, әр тармағы 7 – 8 буыннан тұратын Бұхар жырау өлеңдері бата, тілек, жоқтау, қоштасу, өсиет сияқты жанрларға негізделген. Жыраудың «Тілек» деп аталатын өлеңінде «тілек тілеңіз» деген тіркес жырдың негізгі мән-мағынасын аша отырып, жаман қасиеттерден бойын алшақ ұстап, жақсылыққа ұмтылу керек екенін көрсетеді. Мысалы: Бірінші тілек тілеңіз,

Бір аллаға жазбасқа,

Екінші тілек тілеңіз

Ер шұғыл пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа... –

Жақсы қасиет пен жаман қасиетті ажыратуға негізделген. Сондай-ақ «қиын емес» тіркесін қолдану барысында.

Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерден ел табылады

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ –

деп сөздің құдіретті екенін ашып көрсетеді [8, 87 б.]. Сондай-ақ, жыраудың жоқтауға негізделген өлеңінде «көшкен жұрт», «тұтқан жұрт», «жортқан жұрт», «болған жұрт» тіркестерінен елдегі қиын-қысау заманның көрінісі анық көрінеді. Қоштасу жанрына негізделген «Ай, заман-ай, заман-ай» деп басталатын өлеңінде «заман-ай», «күман-ай», «тұман-ай» деп сол заманның қиын кезеңдерін жырға арқау еткен. Жырау өлеңінің ерекшелігі тіркестерді орынды қолдана білген. «Жұрт» сөзінен бірнеше тіркес жасайды. Мысалы, «қонған жұрт», «киген жұрт», «шыққан жұрт», «ұққан жұрт», «сүрген жұрт», «үрген жұрт», «болған жұрт», «сүтті жұрт», «құтты жұрт», «түскен жұрт», «болған жұрт», «берген жұрт». Бұл тіркестерді жырау жай қолданбағандығы, астарында терең мағынадағы этикеттік ұғымның жатқандығын көреміз. Сондай-ақ, Бұқар жырау поэзиясының ерекшелігі ұйқасқа құрылған сөздер мен сөз тіркестері белгілі бір мәселені шешу мағынасында құрылғандығы көрінеді. Мысалы:

Жар басына қонбаңыз

Дауыс сокса үй кетер

Жатқа тізгін бермеңіз

Жаламенен бас кетер

Жаманмен жолдас болсаңыз

Көрінгенге күлкі етер

Жақсымен жолдас болсаңыз

Айрылмасқа серт етер –

дегенде тіркестер мағыналық жағынан ерекше сипатқа ие. Бұқар жыраудың жырларының қайсібірін алсаңыз да ел өміріндегі мәселелерді шешуге, жол көрсетуге негізделген. Мысалы, «не пайда», «немене» қайталанып, жаман мен жақсының арасын ашуға түрткі болса, ал кей өлеңдерінде «жарасар» сөзі тауға, сайға, жігітке деген сөздерімен тіркескенде теңеу мағынасындағы ерекше этикеттік ұғым қалыптасқан. Сондай-ақ, «жиырма бес» деген тіркеспен аяқталатын жыр жолдарында жиырма бес жастың ерекшелігін көрсете отырып, жиырма бестегі жігіттің бойындағы жалындаған қайраттылықты дәп басып айта білген.

Шалкиіз жырау поэзиясында да этикеттік ұғымды білдіретін сөздер көптеп кездеседі. Мысалы:

Жауынды күні көп жүрме

Жар жағасы тайғақ-ты

Жаманға жақыным деп сөз айтпа

Күндердің күні болғанда

Сол жаман өз басыңа айғақ-ты –

деген өсиет айтуға негізделген [8, 37 б.]. Сондай-ақ, жырда «бастар» деген сөз жол, жел, сөз, ел, қол- мен тіркесуі арқылы ерекше сипат алып, мағынасы ашылған. Сол сияқты қоштасу өлеңінде «басқан күн», «асқан күн», «өлген күн», «бүлген күн», «болған күн», «қалған күн» тіркестері өлеңнің мазмұнының мұңды, қайғылы оқиғаға негізделгені көрініп тұр.

Доспамбет жырау жырларында да «өкінбес» сөзі қонған, мінген, киген, құшқан, тойлаған, өлген сөзімен тіркескен. Айталық, «Қоғалы көлдер, ком сулар, Қоныстар қонған өкінбес», «Арыстандай екі бұтын алшайтып, Арғымақ мінген өкінбес», «Кілең бұздай кілшейтіп, Көбелер киген өкінбес», «Жұпарын қардай боратып, Арулар құшқан өкінбес», «Торы төбел ат мініп, Той тойлаған өкінбес»,

«Бетегелі Сарарқаның бойында Соғысып өлген өкінбес» дегендегі жыр жолдары бірін-бірі толықтырып, өмірде болатын жәйттарды терең оймен сипаттаған. Сонымен бірге «Айналайын Ақ Жайық» деп басталатын жыр жолдарында «күн қайда» тіркесі жырдың басынан аяғына дейін көрініс тапқан. Мысалы:

Айналайын Ақ Жайық
Ат салмай өтер күн қайда
Еңісі биік боз орда
Еңеке кірер күн қайда
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда –

дегенде «күн қайда» тіркесін қолдану арқылы елдің болашағына алаңдап отырғанын көрсетіп, ерекше патриоттық сезімді оятар сөз айтады [8, 32 б.].

Қазтуған жырау өлеңдері де дәстүрлі тіркеске құрылған. Мысалы, «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын жыр жолдарында «қонған жұрт», «барған жұрт», «түскен жұрт», «кескен жұрт», «жуған жұрт», «болған жұрт» деген тіркестер туған жерге деген ыстық сезімін, еліне деген сағынышы мен құрметін білдіреді. Оны мысалы:

Алаң да алаң, алаң жұрт
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт.
Қарғадай мысау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт
Қарағайдан садақ бұдырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт...
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
